

Бейсегулова Айнура Кыдыргалиевнаның
6D020800 – «Археология және этнология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми жәрежесін алу үшін дайындаған
«Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан
қазақтарын салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Диссертациялық жұмыс тарихи отанынан тыс жерде өмір сүріп отырған қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін сақтауын зерттеуге арналады. Зерттеуші зерттеу жұмысында ұлттық код пен этникалық бірегейлікті диаспоралық жағдайда сақтаудың негізгі принциптерін көрсетеді.

Тақырыптың өзектілігі. Шетелдегі қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениетін, оның этнос ретінде өзге этникалық ортада өмір сүруін және қазіргі әлеуметтік жағдайын зерттеу Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Қазіргі кезде отандық ғалымдарды қазақтардың шетелдерге қоныстану себептері мен салдарының тарихы, әсіресе қабылдаушы елдегі олардың орналасуы, өсу мен кему динамикасы, даму тенденциялары және әртүрлі жағдайда салт-дәстүрлерді сақтаудың ерекшеліктері қызықтырады.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы қазіргі кезде өзекті болып табылады. Себебі, шетелдегі қазақтардың этникалық бірегейлігін қалыптастыратын факторлары этникалық дамуы мен құлдырауы: тілінен, діні мен мәдениетінен көрінеді. Жаһандану жағдайында қазіргі әлем ғалымдарын диаспораны зерттеу мәдениеттің тоғысуы мен әлеуметтік ортада даму мүмкіндіктері қызықтырады. Өзге елдің социумында өмір сүріп отырған этностар жергілікті ортамен белгілі факторлар (азшылық, орналасуы, аралас неке және т.б.) негізінде жақындаса бастайды және ұлттар арасындағы кедергілер жойылып, жергілікті этномәдени дәстүрлер мен этникалық бірегейлік мәдени нормалар мен стандарттарды ығыстырады. Бір жағынан шағын этникалық қауымдар өздерінің этномәдениетін сақтауға және өзінің этносының этникалық бірегейлігін түсінуге тырысады.

Қазіргі кезде диаспорадағы этномәдени бірегейліктің қалыптасуы көптеген зерттеушілер үшін өзекті мәселе болып табылады. Біздің шетелдегі отандастарымыздың этникалық бірегейлігі мен тұтастығын сақтау механизмдерін зерттеу бүгінгі күннің қажеттілігі болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысаны - қазақтардың этникалық бірегейлігі.

Зерттеу жұмысының пәні Түркия және Өзбекстандағы қазақтардың этникалық бірегейлігін салыстырмалы талдау.

Зерттеу мақсаты. Түркия мен Өзбекстандағы қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін зерттеу және бірегейлікті сақтау мен өзгертуде тарихи, мәдени-әлеуметтік факторлардың әсерін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- диссертацияның көкейтесті мәселелері «диаспора», «этникалық бірегейлік» жөніндегі шетелдік, отандық зерттеушілердің теориялық методологиялық концепцияларын салыстырмалы талдау негізінде, зерттеу нысанындағы этникалық бірегейлікті сараптау;
- Түркия және Өзбекстандағы қазақтардың қалыптасуы мен қоныстануындағы саяси, әлеуметтік-мәдени факторлардың этникалық бірегейліктің сақталуы мен өзгерісіндегі орнын айқындау;
- материалдық мәдениеттің және этностың шаруашылық жүйесіндегі этникалық бірегейліктің белгілерін анықтау;
- қазақтардың этникалық бірегейлігіндегі сыртқы аспектілерін: ана тілді білуі, салт-дәстүрлерді ұстануын, институционалды қауымдармен қарым-қатынас жасауын анықтау;
- қазақтардың этникалық бірегейлігінің ішкі аспектілерін анықтау: өз этносы жөнінде және басқа этностар туралы танымын көрсету;
- Түркия және Өзбекстан қазақтарының ұлттық құндылықтарды, тарихи жады мен мәдени мұраларды қастерлеу деңгейін анықтау, салыстыру;
- этникалық топ өкілдерінің өз қауымы ортасында өзін-өзі қауіпсіз сезінуін анықтау.
- этникалық бірегейліктің моральді өлшемдері – қазақ тілін жас ұрпаққа үйретуі, некелік ұстанымдары, этникалық топ арасында өзара жәрдемдесуін қарастыру.

Диссертацияның теориялық және методологиялық негізі.

Этникалық бірегейлік теориясы этностың этномәдени шекараларының анықталуы нәтижесінде ғылыми айналымға енді. Бұл тақырыпты алғашқы зерттеушілер қатарына Э.Эриксон, Ф.Барт, Э.Смит және т.б. жатады. Аталмыш авторлардың еңбектері этникалық бірегейліктің негізгі тұжырымдарын қалыптастырды.

Тақырыпты зерттеу барысында зерттеу нысанымыз Өзбекстан және Түркия елдеріндегі қазақтар арасына барып, этникалық ортадан «қатысу арқылы бақылау әдісі», «жартылай құрылымдық сұхбат» және т.б. сияқты сапалы әдістерді қолдану арқылы мағлұматтар алынды.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында бірнеше далалық этнографиялық жұмыстары жүргізілді. Соның ішінде Өзбекстан және Түркия Республикасы территориясындағы қазақтар тығыз орналасқан аймақтарда кешенді этнографиялық ізденістер жүргізілді. 2017, 2018 және 2021 жылдары Ташкент облысы маңындағы Қыбырай, Бостандық, Ахангерен, Жоғарғы Шыршық аудандары қазақтары арасында зерттеулер жүргізілді. Сонымен қатар, Қазақстанның Өзбекстанмен шекаралас Науаи облысының Үшқұдық, Қызылқұм қазақтарына шекаралас орналасқан елді мекендерінде зерттеулер жүргізілуімен қатар, Алматы облысы, Қаскелен қаласы, ст. Шамалғанда орналасқан Өзбекстаннан (Қарақалпақстаннан) келген қазақтар арасында да кешенді зерттеулер жүргізілді.

Түркия қазақтарын зерттеу бағыттары бойынша 2019 жылы Стамбулдың Зейтінбурну, Гүнешлі (Қазақкент) аудандарында, Нигде қаласысының

Улукышла аймағына қатысты Алтай-көй, Ісмiл аймақтары, Манисаның Салихлы ауданында зерттеулер жүргізілді.

Экспедициялық жұмыстар этнология және этносоциологиялық бағыттарға ортақ әдістер арқылы жасалды. Соның ішінде арнайы құрылған сұрақнамалық бағдарлама арқылы сұхбат, сауалнама алынды. Бұл қазақ қауымдастықтарының, қорлардың төрағалары, жергілікті әкімшілік, мектеп басшылары, баспасөз редакторлары, кәсіп иелері, қолөнершілер, тері өңдеу өнеркәсіп басшылары арасында қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеу жұмысы алдымызға қойылған мақсат пен міндеттерге сай, жүйелі және кешенді түрде жүргізілді. Зерттеу жұмысын кешенді түрде жүргізу және мәселелерді ғылыми талдау жұмыстарын жүзеге асырудың нәтижесінде:

– отандық этнология ғылымында «этникалық бірегейлік» концепциясы теориялық методологиялық тұрғыдан талданды.

– қазақ диаспорасындағы этникалық бірегейлікті тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдауы нәтижесінде этникалық бірегейліктің ішкі және сыртқы өлшемдері айқындалды;

– Түркия және Өзбекстан қазақтарының тығыз орналасқан аймақтарында этникалық бірегейлікті айқындайтын далалық-этнографиялық деректері жүйелі түрде салыстырылып, ғылыми айналымға енгізілді;

– диаспоралық жағдайдағы шетел қазақтарының этникалық бірегейлігін сақтауын жүйелі түрде сапалық талдаулар жасалды.

– мемлекеттік құрылымы екі түрлі жүйедегі қазақ диаспорасының қалыптасуы мен қоныстануындағы этникалық бірегейліктің сақталуы, не трансформациялануының әлеуметтік-мәдени факторлары айқындалды;

– Түркия және Өзбекстан қазақтарының дәстүрлі шаруашылық түрлері, материалдық мәдениеті салыстырмалы талданып, этникалық бірегейлік көрсеткіштері нақтыланды;

– екі елдегі қазақ диаспорасының неке және отбасылық қатынастарын бақылау, социологиялық сұрақнама жүргізу, т.б. әдістер негізінде зерттеліп, әр аймақтағы қазақтардың бірегейлігінің сақталу деңгейі мен ерекшелігі айқындалды;

– Түркия және Өзбекстан қазақтарының тарихи жады мен мәдени мұраларды қастерлеу қасиеті салыстырылып, этникалық бірегейлігіндегі ұрпақаралық сабақтастығы сараланды,

– этникалық бірегейліктің сақталуы мен трансформациялануында екі ел қазақтарының тіл мен діннің қолданысы салыстырылып, олардың ролі айқындалды;

– қазіргі кезеңде Түркия және Өзбекстан қазақтарының ұлттық болмысын сақтап қалу мақсатында құрған қоғамдық ұйымдары мен институционалдық бірлестіктердің этникалық бірегейлікті сақтаудағы қызметі талданып, ролі мен орны анықталды.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

– Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігі Қазақстандағы қазақтардан айтарлықтай айырмашылығы жоқ;

– диаспораның басынан өткізген саяси және экономикалық жағдайына байланысты Өзбекстан және Түркия қазақтарының этномәдени сипатында кейбір ерекшеліктер байқалады. Ол жастар арасында қазақ тілін меңгеру деңгейінен көрінеді. Мысалы, Түркияда 40 тан төмен жастағы азаматтар арасында қазақ тілін меңгеру деңгейінің төмендігі байқалса, Өзбекстанда қазақ тілін жас ерекшелікке қарамастан тұрақты меңгереді және қолданады.

– аға буын өкілдері диаспораның әр түрлі жас ерекшелік және әлеуметтік топтарының мүддесін біріктіреді. Ақсақалдар этностың мұрасын сақтаушы, диаспораның экономикалық негізін қамтамасыз етуші және этникалық бірегейліктің сақталуына қоғамдық-саяси жағдай жасаушы болып табылады.

– қазіргі кезде жаһандану үрдістері адамдардың күнделікті өміріндегі этникалық ерекшеліктер мен мәдени талғамды реттеуші басты фактор болып табылады. Мұнда Түркия, Өзбекстан және Қазақстан қазақтарын тұтас қарастыруға болады. Оған этникалық сипатта үйдің ішкі көрінісі, дәстүрлі қазақ тағамдары (бауырсақ, бешбармақ) сақталуы жатады.

– жаһандану үрдісінің әсерінен жастар арасында этностың өткен тарихына, диаспораның қалыптасуына деген қызығушылық азайып бара жатыр. Алайда шежіреге деген қызығушылық сақталған. Әр үйде шежірені қастерлеп. Аға буын жастардың жеті атаға толмай қыз алыспауын қадағалайды. Сонымен қатар, үлкендер өзін өзі әйгілеуде ру аттарын қолдану дәстүрін мирас етеді. Адам атымен бірге ру атын қосып айту қалыптасқан. Ру аттары қазақтардың орналасқан аймақтарында да сақталған.

– жаһандану дәуірінің әсерінен Түркиядағы қазақ жастары арасында бірегейліктің сыртқы факторлары - қазақ тілін білу деңгейі, тамақтану жүйесі анықталды. Олар өздерін қазақтар арасында қауіпсіз сезінетінін жасырмайды.

– Өзбекстан мен Түркияда қазақтар этнос ретінде бірегейленуге тырысады. Көбінесе бірлескен қорлар, мәдени ұйымдар құрады. Онда қазақ тілінде газеттер, журналдар басылады. Қазақша телебағдарламалар көрсетіледі. Түркия қазақтары кирилицадағы басылымдарды оқи алмайды, бірақ үйінде отырып қазақ телебағдарламаларына қосыла алады.

Жұмыстың ғылыми және қолданбалық маңызы. Диссертацияның теориялық маңыздылығы алдымен зерттеу нәтижелеріндегі тұжырымдамалар шет жерлердегі қандастарымыздың біртұтастығы, этникалық бірегейлігінің сақталуы мен өзгерісін зерделеуге, олардың даму үдерісі жөнінде тұжырымдамалар жасауға мүмкіндік береді.

– Практикалық маңыздылығы шет жерлердегі отандастарымыздың этникалық бірегейлігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар белгіленіп, қандастарымыздың ассимиляциялану тетіктерін зерттеуге, тежеу жолдарын бағамдауға, мемлекетке ұсынымдар әзірлеуге пайдалануға болады;

– Зерттеуді тарихи-этнографиялық бағытында оқылатын дәрістерге, арнаулы курстарға, этнология, тарих мамандықтарындағы таңдамалы мамандандыру модульдерге элективті пән ретінде енгізуге болады;

– Диссертацияның тұжырымдамалары мен қорытындылары шет жерлердегі қазақтардың этникалық бірегейлігі мен даму моделінің стратегиялық жоспарын жасауға деректік база бола алады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тарих, археология және этнология факультетінің Археология, этнология және музеология кафедрасында орындалды. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер жоспарлы түрде диссертация мазмұнын ашатын тақырымдарға сәйкес республикалық және шетелдік басылымдарда 14 мақала жарияланды: оның ішінде Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілген отандық ғылыми журналдарда 7 мақала; республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда 4; Скопус базасындағы журналда 1 мақала жарияланды.